

Желіде отырған кім — мен бе, әлде менің уақытым ба?..

Соңғы рет телефоныңды қолыңа алғаның қашан? Бір сағат бұрын ба? Әлде қазір де сол арқылы оқып отырсың ба бұл жолдарды? Бәлкім, дәл қазір Instagram-нан бір нәрсе көруге оқталып, байқамай осы мақалаға тап болдың.

Бірақ тоқта. Есінде ме, соңғы рет қашан ештеңеге алаңдамай өз-өзіңмен қалдың? Телефонсыз. Экрансыз. Желіге салынатын емес, шын өмірге арналған сәт қашан болды?

Бүгін бізде бардың бәрі — “бөлісу үшін” ғана. Тамақ істейміз — сториске. Кітап оқимыз — постқа. Кездесуге барамыз — фото үшін.

Бірақ... соның ішінде біз бармыз ба?

Қазақстанда интернет қолданушылардың саны — 17,43 миллион. Әлеуметтік желіде отыру орташа есеппен күніне 4,5 сағатты құрайды (DataReportal, 2024). Бұл – бір жылда 68 күнді экранға телміру. Екі айдан астам уақыт! Екі ай – арманың үшін жеткілікті уақыт емес пе еді?

Көп адам бұл жай ғана “ермек” дейді. Бірақ смартфонға тәуелділік — цифрлық наркотик. Ал оның құрбаны – ең алдымен жастар. Жаңа Z буынының 67%-ы өзін “қатты шаршаймын” деп сипаттайды. Бірақ неге шаршайды? Физикалық еңбек емес, цифрлық уайым қажытты. Басқалардың өмірімен өмір сүру – ішкі бостық тудырады. Сенің арманың қайда қалды?

Ал үлкендер не дейді? “Бұрын біз онсыз-ақ бәрін бітірдік” дейді. Дұрыс. Шынымен де, бұрын адам бір сәтте он адамның емес, бір өзінің өмірін ғана бақылап өмір сүретін. Қазір біз 1000 адамның өмірін бір сәтте көріп, өзімізді жоғалтып алдық.

Ата-ана алаңдайды. Бала тек гаджетпен сөйлеседі. Қоғам алаңдайды. Жастар тек “ұнау үшін” өмір сүреді. Білім беру алаңдайды. Шындық пен жалғанның шекарасы бұлдырады. Бұл — әлемдік мәселе. Бірақ біздің болашақ — біздің қолдан қалайтын мазмұнымызда.

Сонда не істеу керек?

Шектеу емес, саналы таңдау керек. Желі — құрал. Ал құрал дұрыс қолданбаса — кесіп түсер пышақ.

Жастар желіде отырып, өзін емес, өзгені табуға тырысады. Бірақ ең үлкен табыс — өзіңмен табысу емес пе еді?

Әлеуметтік желі шабыт бола ала ма? Иә. Егер сен оны тұтынушы емес, өндіруші ретінде қолдансаң.

Ал егер күн сайын тек көрумен, салыстырумен, ренжумен уақыт өткізіп жатсаң – онда бұл шабыт емес, шектеу.

Сен кімсің? Контент жасаушы ма, әлде көруші ғана ма? Сенің өмірің — неге өзіңе емес, желіге қызмет етуі керек?

Егер желі болмаса не істер едің?

Мүмкін, көбірек кітап оқыр едің. Мүмкін, ата-анаңмен шынайы сөйлесер едің. Мүмкін, жазғы кеште табиғатпен үндесіп, өз ойыңмен қалуға мүмкіндік болар еді.

Сен қазір не істеп жүрсің – өмір сүріп жүрсің бе, әлде жай бақылап отырсың ба?